

**Ауыл шаруашылық саласы үшін кадрларды даярлау мәселелері бойынша
өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Карасу ауылы

«24» қаңтар 2025 жылы

ауыл шаруашылық саласы үшін кадрлар даярлау мәселелері бойынша өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы осы меморандум мына қатысушылар арасында жасалады: «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Ереженің негізінде әрекет ететін басшы Айман Еламанқызы Ибраева, «Бидай-Қ» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Жарғы негізінде әрекет ететін директор Жомарт Ахметұлы Байбусунов атынан, жұмыс істейтін, Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қарасу ауыл шаруашылығы колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Жарғы негізінде әрекет ететін директор Носаченко Мария Антоновна атынан.

Бұдан әрі «Тараптар», ал жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар жоғары білікті кадрларды даярлауға өзара мұдделілікті тани отырып, дамуға маңызды мән бере отырып, өзара тиімді байланыстарды кеңейтуді тілей отырып, өзара түсіністікке қол жеткізді және үшжақты міндеттеме – Меморандумға қол жеткізді:

1. Меморандумның мақсаты

1.1. Меморандумның мақсаты өндірісті дамытудың басым бағыттары аясында ауыл шаруашылық саласы үшін кадрлар даярлауға бағытталған серіктестік қатынастарды орнату және тараптардың ұзак мерзімді, тиімді және өзара тиімді ынтымақтастырын дамыту болып табылады.

1.2. Тараптар ынтымақтастықты жалпыға бірдей қабылданған тәжірибеге сүйене отырып, теңдік, ізгі ниет, құрмет пен сенім негізінде жүзеге асырады.

2. Тараптар ынтымақтастырының бағыттары

2.1. Тараптар мына бағыттар бойынша ынтымақтастыққа жәрдемдесуге ниетті:

мамандарға қойылатын заманауи талаптарға сәйкес ауыл шаруашылық саласы үшін кадрлар даярлауға байланысты бірлескен қызметті үйлестіру;

әлеуметтік әріптестікті кеңейту, Тараптардың оку процесінің траекториясын қалыптастыру, ауыл шаруашылық саласы үшін кадрлар даярлау мәселелеріне сұраныстар мен қажеттіліктерді қанағаттандыру бойынша тығыз өзара іс-кимылы;

қазіргі заманғы ауыл шаруашылық саласында жоғары білікті кадрларды даярлау үшін инновациялық бағдарламаларды әзірлеу және енгізу;

Тараптардың қызметіне қызығушылық білдіретін және бірлескен жобалар мен бағдарламаларға қатысуға ниет білдірген қоғамдық және коммерциялық ұйымдардың өкілдерімен, Тапсырыс берушілермен, серіктестермен және басқа

да адамдармен презентациялар, келіссөздер ұйымдастыруға және өткізуге қатысу;

мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыру және орналастыру кезінде кадрларға қажеттіліктерді есепке алу;

жоғары білікті кадрларды даярлау үшін оқыту технологияларын және бірлесіп дамытуға жәрдемдесу;

«Бидай-К» ЖШС базасында оқу орындарының педагог қызметкерлерінің біліктілігін тұрақты арттыру тетігін әзірлеу және енгізу, соның ішінде жаңа технологияларды зерделеу және тәжірибе алмасу үшін жылдық тағылымдама жоспарын жасау және іске асыру;

«Бидай-К» ЖШС-нің инженерлік-техникалық персоналын білім беру ұйымдарының түлектері үшін әлеуметтік серіктестердің қорытынды индикаторларды белгілеуі арқылы оқу-өндірістік процеске тарту;

Ауыл шаруашылық саласына кадрлар даярлау үшін оқу-материалдық базаны жетілдіру;

бірлескен консультациялар, конференциялар, пікірталастар, дөнгелек үстелдер, жиналыстар, семинарлар, презентациялар ұйымдастыру және өткізу арқылы тәжірибе алмасу.

3. Тараптардың өзара іс-кимылын ұйымдастыру

3.1. Тараптар ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында:

тараптардың ынтымақтастық бағыттарына қатысты, оның ішінде бір-біріне жазбаша нысанда сұрау салу жолымен ақпарат алмасуды;

бірлескен ынтымақтастық үшін жоспарланған және іске асырылатын жобалар бойынша тараптарға ақпарат пен ұсыныстар жіберуді;

мұдделі ұйымдар мен тұлғаларды тарта отырып, Тараптардың бірлескен талқылаулары мен келіссөздерін жүргізуді;

қажет болған жағдайда бірлескен жұмыс және консультативтік топтар құруды іске асыра алады.

3.2. Меморандум тараптары ынтымақтастығының бағыттары Тараптардың заннамасында белгіленген тәртіппен мұдделі Тараптар арасында екіжақты шарттар жасасу жолымен іске асырылуы мүмкін.

4. Қорытынды ережелер

4.1. Осы Меморандум шарт болып табылмайды және Тараптардың ешқайсысы үшін занды, қаржылық, өзге де міндеттемелерге әкеп соклады.

4.2. Осы Меморандумға Тараптар өзара келісіммен тиісті хаттамалармен ресімделетін қажетті толықтырулар мен өзгерістер енгізе алады.

4.3. Осы Меморандум оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Меморандум 2 (екі)/ 3 (үш) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалды. Келісім орыс және қазақ тілінде жасалды. Даналары бірдей занды күшке ие.

5. Тараптардың қолдары мен мекенжайлары:

«Қостанай облысы
әкімдігінің білім басқармасы»

ММ басшысы

«Бидай-Қ» ЖШС

директоры

«Карасу ауыл

шаруашылығы колледжі» КМКК

директоры:

Ибраева А.Е.

Байбусунов Ж.А.

Носаченко М.А.

